

көміршілерінің майдан үшін жанкешті жұмыс істегенін айқын көрсетеді. Шахталардың үздіксіз жұмысы үшін еңбектің жаңа әдістері енгізіліп, озық жұмысшылар тәжірибесі кеңінен таратылды.

Қарағандының майданға қосқан тағы бір зор үлесі - әскери техниканы жасауға қаржылай қолдау көрсетуі. Аймақ еңбекшілері «Қарағанды колхозшысы», «Қарағанды шахтері», «Қазақстан металлургі» танк колонналарын жасауға елеулі қаржы жинап, бұл үшін Сталин мен Қазақстан басшылығынан арнайы алғыс жеделхаттар алған [6]. Мұндай бастамалар Қарағанды халқының патриоттық жігерін, майдан қажеттілігіне деген жауапкершілігін және өңірдің бүкілодақтық маңызын айқындайды. Соғыс жылдары Қарағанды тек көмір өндіру жағынан ғана емес, экономикалық және рухани тұрғыда да нағыз тірек тылға айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Қарағанды өңірінің дамуы мен тылдық қызметі - Қазақстан тарихындағы аса маңызды, бірақ ұзақ уақыт бойы толыққанды зерттелмеген құбылыстардың бірі. Кіріспеде атап өтілгендей, соғыс басталғаннан кейінгі ауыр жағдай Кеңес Одағын толық мобилизацияға түсіріп, Қазақстанды және оның ішінде Қарағандыны бүкілодақтық өнеркәсіптік жүйенің негізгі тіректерінің біріне айналдырды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қарағандының бұл рөлді тек көмір өндіруді ұлғайту арқылы ғана емес, эвакуацияланған кәсіпорындарды қабылдау, жұмыс күшін ұйымдастыру, әлеуметтік-тұрмыстық міндеттерді орындау сияқты көпқырлы бағыттарда атқарғанын көрсетті.

Донбасс оккупацияланғаннан кейін Қарағанды көмір бассейні Одақтың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты орталығына айналды. Эвакуацияланған зауыттар мен мамандардың келуі өңірдің өндірістік әлеуетін күшейтіп, Қарағандыны нағыз «майдан арсеналына» айналдырған жаңа индустриялық құрылым қалыптастырды. Әйелдер мен жастардың жаппай еңбекке жұмылдырылуы, өндірістік жоспардың бірнеше есе артуы - аймақ экономикасының соғыс жағдайында бейімделуін және тұрақтылығын дәлелдейді.

Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды бағыт - эвакуацияланған балаларды қабылдау мен орналастыру жүйесі. Архивтік деректер Қарағандының тек өндірістік орталық қана емес, соғыс жылдарында маңызды гуманитарлық аймаққа да айналғанын көрсетті. Балаларға, қарттарға және эвакуацияланған отбасыларға көрсетілген қолдау тылдық бірліктің жоғары деңгейін дәлелдейді.

Осылайша, зерттеу мақсатында қойылған міндеттер толық орындалды. Қарағанды өңірі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары тек көмір өндірумен шектелмей, майдан мен тылдың барлық бағытында күрделі, көпсалалы қызмет атқарғаны дәлелденді. Жалпы талдау нәтижелері Қарағанды облысының Жеңіс жолындағы үлесі ұлттық тарих контекстінде ерекше маңызға ие екенін айқын көрсетеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Вознесенский Н.А. Военная экономика СССР в период Отечественной войны. - М., 1947.
2. Кочкорбаева Э.Ш. Женская мобилизация в Казахстане в годы Великой Отечественной войны. - 2020.
3. Ахметов А., Винкерт В.В., Шатверян Н.Г., Овсянникова Н.Б. Публикации о тыл еңбеккерлері, баспасөз материалдары (1941-1945). - 2020.
4. Аккузинов А.К. Промышленный потенциал Казахской ССР в годы Великой Отечественной войны (1941-1945). // Вестник Самарского университета, 2023, №4.
5. Evacuation of orphanages and boarding schools during the Great Patriotic War to the Kazakh SSR.
6. Гапеев А. Роль Карагандинской области в обеспечении нужд фронта и тыла. // Қарағанды туралы жіберген 2047-Текст статьи-6586... PDF.

## **ТАРИХ САБАҒЫНДА ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Идрис Ш.Ш.**

Ғылыми жетекшісі : п.ғ.к., доцент Садуова Ж.Н

Халықаралық туризм және меймандостық университеті Гуманитарлық мектеп.

[zhanar.saduova@iuth.edu.kz](mailto:zhanar.saduova@iuth.edu.kz)

Түркістан қаласы

Мектептегі тарих пәні оқиғаларға, даталарға, тұлғаға. т.б. ең қарқынды пәндердің бірі болып табылады, түсінуді және есте сақтауды қажет ететін барлық нәрсе. Білім алушы ақпарат аяғынында адасып қалмай, алған біліміне сүйене отырып, өз ойын қалай құрастыруға болады. Бұл үшін «эмоционалды интеллект» оқыту үдерісін ұйымдастыруға табысты көмектеседі.

Соңғы жылдары тұлғаның психологиясын және эмоциясын зерттеуге деген жаппай қызығушылықтың өсуі байқалады. Зерттеудің нәтижелерінен, адамның ақылы оның геніне байланысты екендігін байқауға болады. Бұл жағдайда екі сауал пайда болады: адам мүлде өзгеруге қабілетті ме және неге ақыл-ойы дамыған адамдар кейде сәтсіздікке ұшырайды, ал ақылы төменірек дарын иелері табысқа жетіп жатады? Бұл сұрақтардың жауабы, эмоциялық интеллект ретінде мәлім психологиялық қасиеттер кешенін дамытуда жатыр. Эмоциялық интеллект - адамның ішкі жай-күйінде, айналадағыларға деген эмпатиялық қатынаста, идентификацияда, эмоционалды күйлермен мінез-құлықты бақылау және рефлексиялауда, эмоциялық ақпаратты айналадағы адамдармен қарым-қатынаста қолдануда көрінеді. Эволюция көзқарасында эмоцияның ролі, адамға қауіптерді жеңіп шығуына көмектесуден тұрады. Өмір жетістігі тек 20% ғана рационалды ақылдың дамығандығына байланысты. Қалған 80%-на эмоциялық ақыл жауап береді - белгілі бір біліктері (өздігінен ынталандыру, кенеттен эмоциялық импульстерді ұстай білу, өзінің эмоциялық жағдайын бақылау) және психологиялық қасиеттері (табандылық, эмпатия, оптимизм) [1, 45 б].

Эмоционалды интеллект идеясы Эдуард Торндайк, Джой Гилфорд, Ганс Айзенк сынды авторлар зерттеуге алған «әлеуметтік интеллект» ұғымынан шыққан. Когнитивті ғылымның қарқынды дамуына байланысты интеллектінің ақпараттық, «компьютер тәрізді» модельдеріне баса назар аударылып, ойлаудың аффективті жағына айтарлықтай мән беріле қоймады. Әлеуметтік интеллект ұғымы тану үрдісінің аффективті және когнитивті жақтарын байланыстырушы буын екендігі ескерілмеді. Кейін әлеуметтік интеллект саласы аясында адам танымын «есептеуші машина» емес, когнитивті-эмоциялық үрдіс ретінде қарайтын түсініктер қалыптаса бастады.

1990 жылы Питер Салоуей «эмоциялық интеллект» ұғымын алғаш анықтап, «Эмоциялық интеллект» атты мақаласын жарыққа шығарды. Питер Салоуей және оның авторласы Джон Майер эмоциялық интеллектіні «эмоцияда көрінетін тұлға көріністерін қабылдау және түсіну, интеллектуалды үрдістер негізінде эмоцияны басқару» ретінде анықтайды. Аталған ғалымдардың анықтауынша, эмоциялық интеллект төрт бөлімнен тұрады:

- 1) өзінің және басқа адамның эмоциясын қабылдау немесе сезіну қабілеті;
- 2) өз эмоциясын ақыл-ойға бағыттау;
- 3) эмоция көріністерін түсіну қабілеті;
- 4) эмоцияны басқара білу [2, 87 б].

Қазіргі таңда эмоциялық интеллект феноменін, оның құрылымын, даму жолдарын одан әрі терең зерттеу өзекті, себебі аталған құбылыс - тұлға аралық өзара әрекеттесу үдерісінде адамдар арасында туындайтын эмоциялық үрдістер мен жай-күйлерді терең ұғыну арқылы адамдармен қарым-қатынасты оңтайландыру мүмкіндігін ашады. Сондықтан, эмоциялық интеллектіні тұлға бойында дамытуды біртұтас қоғамда психологиялық мәдениетті арттырудың маңызды факторы ретінде қарастыруға болады.

Эмоционалды интеллект» ұғымы туралы әртүрлі көзқарастар бар. Шетелдік психологияда П.Саловей, Дж.Мейер және Д.Карузо бойынша: «эмоционалды интеллект - бұл әлеуметтік интеллекттің құрамдас бөлігі, өзінің және басқалардың сезімдерін қадағалай білу, оларды ажырату және осы ақпаратты пайдалану үшін адамның ойы мен іс-әрекетіне бағыт-бағдар беру эмоционалды интеллекттің дамуы адамның үйлесімді және жеке дамуына оң әсер етеді интеллект эмоционалды ақпаратты өңдеу, түсіндіру және пайдаланумен байланысты интеллект түрі.

Д. Гоулман (ЭИ мәселесін анағұрлым терең зерттеген ғалымдардың бірі): «эмоциялық интеллект - тұлғаға өзін-өзі сезінуге, түрткілендіруге, көңіл-күйін басқаруға, импульстік көріністерді бақылауға, фрустрациядан бекіну, күнделікті өмірде табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін факторлар жиынтығы; өз интеллектісін көрсету тәсілі».

Р. Бар-Он: «қоршаған орта талаптары мен әсерлеріне (қысымына) оңтайлы жауап бере алу қабілеттілігі, ортаға оңай бейімделуге ықпал ететін эмоциялық, жеке және әлеуметтік қабілеттер жиынтығы». Д.Майерс: «эмоциялық интеллектуалды адамдар өзіндік санасының жоғары дәрежеде дамуымен ерекшеленеді. Олар өз эмоциясына дисфункционалды депрессия, мазасыздық, ашу арқылы нұқсан келтірмеуге тырысып, өмір сүреді. Олардың жанашырлық (эмпатия) көрсете білу қабілеті айналадағы адамдардың эмоциясын дұрыс түсініп, олармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді - олар достарына, әріптестеріне қалай қолдау көрсету керектігін, дау-жанжалды қалай шешу қажеттігін біледі». Шетелдік психолог-зерттеушілер пікірінше, «эмоциялық интеллект» - өзінің және өзгелердің эмоциясын тани білу, оларды басқара алу; эмоцияны басқару мүмкіншілігі - адамдардың тұлға аралық өзара әрекеттесуіне анағұрлым тиімді бейімделуге көмектеседі.

Ресейлік психологиялық ғылымда «эмоциялық интеллект» ұғымын алғаш қолданған Г.Г.Гарсковая. Ғалым бұл ұғымды енгізу үшін екі негіздемені келтіреді: «интеллект» ұғымының біртекті, ұқсас болмауы және интеллектуалды операциялардың эмоциямен жасалуы.

И.Н.Андрееваның пікірінше, «эмоциялық интеллектіні дамыту - аса өзекті мәселе, себебі эмоцияның бейімделуші табиғаты индивидтің белсенді өмір сүруіне мүмкіндік жасап, тұлғаның белгілі бір ортаға бейімделу қабілетін және оның қоғаммен үйлесімді қатынасын арттырады.

Эмоциялық интеллект - эмоционалды ақпаратты талдау, өңдеу және пайдалану интеллектуалдық қабілеттерінің жүйелі көрінісі. Эмоциялар тұлға құрылымымен және жеке тұлғалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты және адамның негізгі мотивациялық жүйесін көрсетеді. Сондықтан эмоционалды интеллекттің дамуы адамның үйлесімді және тұлғалық дамуына үлкен әсер етеді».

И.Н.Андреева «эмоциялық интеллект» ұғымының шығу тарихын зерттей отырып, өзінің зерттеу жұмыстарының бірінде А.Р.Лазарус концепциясынан келесідей қағидаларды келтіреді:

- әрбір эмоциялық реакцияның айрықша тану немесе бағалау қызметі бар;
- эмоциялық жауаптың белгілі бір синдромы бар, оның әрбір компоненті жалпы
- эмоциялық реакцияның қандай да бір күйін білдіреді[3, 91 б].

Жоғарыда аталған концепция авторы Р.Лазарус пікірінше, эмоцияның пайда болу реті келесідей: «қабылдау - алғашқы бағалау - зерттеу белсенділігі - (бағаланатын жағдаяттағы эмоциялардың жеке маңызы) - екінші бағалау - әрекет жасауға тенденция - әсерлену, физиологиялық өзгерістер және моторлық реакцияларға тенденция көрінісі ретіндегі эмоция».

Эмоциялық интеллект - өзінің және өзге адамдардың эмоциясын түсіну, сондай-ақ өзгермелі қоршаған орта және өзгермелі талаптарға эмоциялық бейімделу қабілетінен тұрады. Эмоциялық интеллект деңгейі жоғары адамдар өзге адамдардың эмоциясы мен сезімдерін едәуір жақсы түсінеді, өзінің эмоциялық өрісін басқара біледі, сондықтан олардың қоғамдағы мінез-құлқы анағұрлым лайықты, икемді болып келеді әрі айналадағылармен өзара қарым-қатынаста өз мақсаттарына оңай қол жеткізеді.

Ресейлік психологияда «эмоциялық интеллект» терминіне О.К. Тихомировтың зерттеу нысанына алған «эмоциялық ойлау» ұғымын ұқсас деп санауға болады. О.К. Тихомиров эмоциялық ойлау ерекшелігін сипаттай келе, эмоциялық күйлердің міндеттерді шешу үрдісіне қатысатындығын тұжырымдаған. Ғалымның анықтауынша, ақыл-ой іс-әрекетімен барлық эмоциялық құбылыстар - аффект, эмоция, сезімдер байланысты. Эмоцияның ойлау үрдісімен өзара байланысы - барлық эмоциялық күйлердің ойлау үрдісінде басқарушы, эвристикалық қызмет атқаратынынан көрінеді. Сонымен қатар, О.К. Тихомировтың зерттеулері ақыл-ой іс-әрекетінің эмоционалды басқарылатындығын, яғни эмоциялық белсендіру - интеллектінің жемісті іс-әрекетінің шарты болып табылатындығын дәлелдейді[4, 125 б].

М.А. Манойлова пікірінше, эмоциялық интеллект - ішкі тұлғалық және тұлға аралық бағыттылығы бар когнитивті, рефлексивті, мінез-құлықтық, коммуникативті қабілеттердің өзара байланысқан жиынтығы. Эмоциялық интеллект - адамның ішкі жай-күйінде, айналадағыларға деген эмпатиялық қатынаста, идентификацияда, эмоциялық күйлермен мінез-құлықты бақылау және рефлексиялауда, эмоциялық ақпаратты айналадағы адамдармен қарым-қатынаста қолдануда, мақсатқа жету тәсілдерін таңдауда көрінеді.

Йельск университетінің психология профессоры Питер Сэловей адамның эмоциялық ақылы көрінісінің бес түрін айқындап көрсетеді: өзіндік сана, эмоцияларды бақылау, ынталандыру, эмпатия және қоршаған ортаңызбен өзара қатынастар тұрғызу

*Өзіндік сана: өзіндік эмоцияларды талдау.* Адамның эмоциялары жиі оның өзінен жасырын түрде болады. Оларды түсіну өзінің ішкі жай-күйіне, сезіміне және түйсігіне назар аударуды талап етеді, ол тіпті қатты эмоциялық қозу жағдайында объективті өзіндік талдауға қабілетін болжайды. Психолог Джон Майер оны «өзінің рухының жағдайын және өзінің оған деген қатынасын түсіну қабілеті» деп атайды. Практикалық көзқарастан, өзіндік сананы дамыту өзінің көңіл-күйін басқару қабілетінде көрінісін табады. Эмоциялар саналы және ой елегінен өткізілмеген болады. Екіншісі, оларды ақыл сезінгенінше жылдам пайда болады. Ой елегінен өткізілмеген эмоциялар, сіз тіпті олар туралы білмеген жағдайдың өзінде, ой мен реакцияға қуатты әсер етеді. Тек оларды сезіне отырып, сіз оларды бақылауда ұстау мүмкіндігіне ие боласыз. Яғни, өзіндік сана - мысалы, нашар көңіл-күйден арылу үшін, қажетті эмоцияларды басқара алу қабілетінің негізі.

*Эмоцияны бақылау: ішкі жағдайды реттеу.* Кезінде Ежелгі Грекияда сабырлық және эмоцияға берілмеу икемділігі адамгершілік ретінде саналатын. Екінші жағынан, құштарлықсыз өмір қызық емес деп есептелген. Эмоцияларлы басу емес, «алтын ортасын» - эмоциялықтың ұтымды деңгейін табуға

тырысу керек. Адамдардың күн сайын жұмыста немесе демалыста айналысатындарының көбісі ішкі үйлесімділікті іздеуге бағытталған.

Саналы бақылауға нашар бағынатын эмоциялардың бірі, - ашу. Мұның ең басты себебі, адам қатты ашулана отырып, қуатты эмоциялық заряд алатындығында, ол адамға күш және энергия береді. Кей кездері, бірнеше сағатқа созылатын қозу күйі, адамды ашушаң етуі және кез келген абайсыз айтылған сөз немесе әрекет одан әрі қуатты эмоциялық жарылысқа алып келуі мүмкін. Ашуды жүгендеу амалдарының бірі - назарды басқаға аудару. Бұл жалғыз серуендеу немесе дене жаттығуларын орындау болуы мүмкін. Басқа эмоциялар (көңілсіздік және қайғы сияқтылар) ашуды баса алады, бірақ сонымен бірге күйзеліске ұштасып кетуі мүмкін. Жабырқаңқы күйден шығу үшін психологтар оны сіңіретін ойлардан арылуға кеңес береді. Өздінінен ынталандыру: эмоцияларды мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдалану.

*Жағымды ынталандру* - табысқа жетудің міндетті шарты. Атақты спортшылар мен сазгерлерді, жас кезінен бастап, жылдар сайын нақты дағдыларды жетілдендірумен қайратпен жұмыс істеу қабілеті ерекшелейді. Нағыз эмоциялар қаншалықты адам өз өмірінде табысқа жететіндігін анықтайды, себебі олар туа біткен дарынын мен қабілеттерін қолдануды не жеңілдетеді, не қиындатады. Психологиялық сыйақыны кейінге қалдыра отырып, эмоциялар мен ниеттерін ұстай алу қабілеті, - ең маңызды өмірлік дағдыларының бірі және кез келген бастамалардағы табыс кілті - арықтаудан бастап университетке түсуге дейін.

Үрей сананы тұмшалап тастайды, ал позитивті ойлау, керісінше, анық ойлауға көмектеседі. Эмоцияларын бақылауда ұстай алатын адамдар, тіпті үрейленген күйін де ынталандырушы фактор ретінде қолданады. Үрей мен нәтижелілік арасындағы байланысты психологтар төңкерілген U әрпімен бейнелейді: Аландаудың жоқтығы ынталандырудың жоқтығын және төмен нәтижелілікті білдіреді, ал аландау анағұрлым күшті болған жағдайда, ол рационалды ойлау қабілетін нашарлатады. Максималды нәтижелілік шамамен ортасында болады. Шығармашылық мамандықтың адамдары үшін бұл орта - шабыттандыру күйі, ол кейде жеңіл ақыл естің адасуын еске түсіруі мүмкін.

Оптимизм және үміті жоғалтпау қабілеті де біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады. Оптимисттер сәтсіздік алдында жабырқаулыққа берілмейді және әрқашан, ақырында барлығы жақсы аяқталатынына сенімді болады. Өзінің сәтсіздіктерін олар өздеріне бағынбайтын факторлармен түсіндіреді, және сол себептен бір нәрсе қолдан келмей жатқанда қайғырмайды.

Эмоциялық ақыл барынша іске қосылған, шекті жұмысқа қабілеттілік жағдайды психологтар кенелу деп атайды. Бұл адамның ішкі түйсігі, толығымен өзі жақсы көретін және өзінің дағдылары мен бейімділігіне сәйкес келетін ісімен беріле айналысуы. Бұл түйсік спектрдің ортасында орналасқан, олардың қарама-қарсы полюстеріндегі - зерігу және үрейлері. Шекті көңіл аудару және көтеріңкі көңіл күй (тіпті эйфория) жағдайы адамды өзі туралы ұмытып, барынша жұмысқа берілуіне мәжбүрлейді.

*Эмпатия: тұлғааралық қатынастың негізі.* Адамның өзіндік санасы қаншалықты дамыған болса, оған басқалардың эмоцияларын түсіну оңайға соғады. Тұлғааралық қатынастардың негізінде жатқан өзара түсіністік, адамның уайымдау қабілетінен пайда болады. Басқалардың эмоцияларын «оқи» алатын адамдар тіл табысқыш, зерек және өмірге бейімделген болып келеді, олар айналасындағылардың көңілін оңай жаулап алады. Эмпатия сәби кезден бастап, «нақыштау» - сәбидің анасының бұйым және мимикасын санасыз ұқсату барысында қалыптаса бастайды. Бұл жай-күй оған қорғалғандығын сезінуге мүмкіндік береді және ата-анасымен эмоциялық байланысты нығайта түседі.

*Өзара қатынасты басқару: адамдармен тілдесу.* Өзінің сезімдерін білдіре білу шеберлігі - басты әлеуметтік дағдылардың бірі. Эмоциялар әсерлі. Кездесу барысында адамдар сөйлеспей-ақ сәл ғана байқалатын, өздерінің сезімдері туралы сигналдармен алмасады және санасыз күйде басқалардан шығатын эмоцияларды көшіреді. Бұл бір адамның сигналдары қалғандарының барлығына әсер етеді дегенді білдіреді. Тілдесу барысында адамдар бір-біріне ымдарын және дене қимылдарын қайталауға бейім, мұнысымен олар ортақ эмоциялық толқынға келеді [5, 147 б].

Тарих сабағында оқушыға өзінің және басқалардың эмоциясын түсіну мен тану қабілеті қалай көмектесе алады? Біздің тәжірибемізде айқын көрінетін және есте қалатын ештеңе жоқ. Егер, олар мұғалім мен оқушылардың сабақтарға өзара әрекеттестігі барысында сана деңгейіне шығарылса, яғни саналы, таңбаланған және аталған болса, онда оқиға, тарихи тұлғалар ұзақ мерзімді жедел жадқа қабылданады, яғни олар оқушымен ұзақ уақыт бірге болады. Бұл әркімге пәнді меңгертудегі үлгерімін арттыруға және қорытынды емтихандарды тапсыру кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әсіресе, эмоционалды интеллект әр сынып үшін реформалардың маңыздылығын сезінуге көмектеседі, егер балаларға бір сәтке өз өмірін сынап көруге және оның қалай өзгеретінін айтуға

тапсырма қойылса және реформалар қандай эмоцияларды тудырады? Әр түрлі адамдар? Осылайша оқушы ел тарихымен танысады, оның жан дүниесінде із қалдырады. Ол әңгіменің бір бөлігін кейіпкермен бірге «өмір сүрген» сияқты баяндап береді. Осындай технология арқылы оқушының ішкі тұлғалық көзқарасы мен тарихи фактілер, оқиғаларға көзқарасынан көрінеді. Сезімдер мен эмоциялар туралы жаңа білімді пайдалана отырып, әрбір оқушы қарым-қатынаста сауатты бола түседі. Яғни толыққанды азамат болуға деген жауапкершілікті дамытады.

Қорыта келгенде, тарих сабақтарында «эмоционалды интеллект» барлық оқыту үдерісінің тәрбиелік іс-әрекеттерін дамытуға көмектеседі. Тарих сабағын «жанды» және шынайы ақиқатпен қызықты өтуге мүмкіндік береді. Яғни, эмоциялық интеллектінің; өзінің және басқа адамның эмоциясын қабылдау немесе сезіну қабілетін; өз эмоциясын ақыл-ойға бағыттауын, эмоция көріністерін түсіну қабілетін; эмоцияны басқара білу бөлімдерін оқыту үдерісінде кеңінен жүйелі қолданса, өз ұлтының тарихын терең білетін саналы, салихалы, білімді, өзіне сенімді нағыз тұлғаны қалыптастыра аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. С.М. Жақыпов. Жалпы психология негіздері. 2012ж.
2. Н. Тоқсанбаева. Танымдық іс-әрекетке кіріспе. Оқу құралы. 2018ж.
3. Н.М. Иргебаева. Психология. - Алматы, 2015ж.
4. А.Р.Ерментаева. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық - Алматы, 2012ж.
5. Д.П. Шульц., С.Э. Шульц Қазіргі психология тарихы - Алматы, 2018ж

### **ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ- ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР**

**Кулниязов Э.У.**

Ғылыми жетекшісі : «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының аға оқытушысы Тоқбергеген Н.С

Шымкент университеті.

[zhanar.saduova@iuth.edu.kz](mailto:zhanar.saduova@iuth.edu.kz)

Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бүгінгі күндегі Еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады[1, 15 б].

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. Бұл Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде негізгі бағдар болады. Ал қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Қазақстанның патриоты дегеніміз:

1. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі.

2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы.

3. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімінің болуы.

4. Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға ынталы болуы т.т.

Өз тарихын білу - ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін